

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ОЙ-ПІКІРЛЕРІНДЕГІ ҚҰРАННЫҢ ОРНЫ

И.Чалышкан,

*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ дінтану кафедрасының оқытушысы, доктор,
профессор.*

Осы еңбекте Қожа Ахмет Ясауидің Құраннан алған ілімін «Диуани хикмет» атты шығармасының негізінде талқылайтын боламыз. Ахмет Ясауи–өзіне тән пікірі жүйесін қалыптастырып, сопылық өмір сүру тәсілінің негізін қалаған ұлы мутасаввуф. Оның сопылық ой-пікірлері мен өмір сүру тәсілі бертін келе Ясауилік ілімі (Яссауия) деп аталған. Тарихқа терең бойлай енгенде Ахмет Ясауидің ұлы мутасаввуф Юсуф Хамаданидің (535/1140-41 жж. қайтыс болған) ілімінен нәр алғанын және Хамаданидің мүршиді Ғазалидің (505/1111 ж. қайтыс болған) де мүршиді болған Әбу Али Фармади екенін аңғарамыз. Ал, Фармади – Кушайридің (465/1072 ж. қайтыс болған) шәкірті. Демек, бұл шежіреден (силсаладан) байқалғанындай, Ахмет Ясауидің сопылық пікірі Кушайри мен Ғазали дәстүрінің жалғасы. Сондай-ақ, Сүлейман Бақырғани (Хәкім ата) секілді оның мұрасын одан әрі дамытқан бірқатар ғұламалар да нақ осы дәстүрдің ізбасарлары.

Ислам ілімі мен мәдениетінің аясында тәлім-тәрбие алған Ахмет Ясауидің ой-пікірлерінің басты дереккөздерін Құран мен хадис құраған. Әлбетте, сопылық ілімнің ең көрнекті өкілі саналған ол аяттар мен хадистерді өзіндік пікірі жүйесін қалыптастыруда дәлел ретінде пайдаланған яки тұжырымдар жасаған. Оның Құраннан алған ілімін үш топта қарастыруға болады. Біріншісі – Құранға деген қызметі, екіншісі – Құран аяттарын дәлел ретінде пайдалануы және үшіншісі – аяттарға тұжырым жасауы. Аталмыш мақалада «Диуани хикмет» шығармасының Әнуарбек Бөкебаев тарапынан жасалған тәржімасы негізге алынады.

Ахмет Ясауидің Құран түсінігі және оған деген қызметі

«Диуани хикмет» шығармасындағы 147-ші хикметтің алғашқы шумағы мынадай:

Қоштамайды-ау ғалымдар сіздің айтқан Түркіні

Арифтардан есітсен ашар көңіл мүлкіні

Аят, хадис мағынасы Түркіше болса қолайлы

Мағынасына жеткендер жерге қояр бөрікін

... ..

Міскін, әлсіз Қожа Ахмет, жеті атаңа рахмет

Парсы тілін біледі, көп айтады түрігін

Жоғарыдағы шумақтан кейбір маңызды мәселелерді азды-көпті пайымдауға, әсіресе Ахмет Ясауидің Құранды қалай түсінгенін байқауға болады. Оның пікірінше, Құран – баршаның білуге тиісті кітабы. Ол тек қана улема үшін арналмаған. Құранды білу жеткіліксіз, ол діни ғұмыр мен мінез-құлыққа сәйкес келу керек (3/9, 94/1-2, Мінажатнама 14-ші шумақ). Онсыз да Ясауидің хикметтерінде терең тәпсірге орын берілмеген. Төменде де көрінетіндей, ол таңдап алған аяттарды ғана түсіндіретін тақырыптармен байланыстырған.

Ясауидің осындай Құран түсінігі оның діни түсінігіне алып келеді. Оның пайымынша, дін негізінде кітап бар. Кітап мүміндердің барлығына ортақ дүние. Мүміндер дінді Құраннан және оны жеткізуші әрі көрсетуші Хазіреті Мұхаммедтен үйренуге тиіс. Ясауи алғашқы хикметінде-ақ *«Аят пен хадисті әркім айтса, құлақ тұр»* дей келе, бұл жағдайды ашықтан-ашық білдірген. Ал, хикметтердің аяғындағы Мінажатнамада болса, *«Менің хикметтерімнің дереккөзі хадис, ... Менің хикметтерімнің әміршісі Сұбхан, Оқып-білсең, мағынасы Құран»* деген. Осылайша, Құран мен хадис хикметтердің екі негізгі дереккөзіне айналған (Сонымен қатар, 1-ші хикметтің 5-ші шумағына, 74-ші хикметтің 10-шы шумағына және 79-шы хикметтің 9-шы шумағына қараңыз).

Ясауидің діни түсінігінде Құран мен сүннетке деген тәуелділік айқын байқалады. Дегенмен, өзге мутасаввуфтар секілді оның да діндегі шарифат-тарихат жіктеліміне бой бергенін аңғаруға болады. Бұл 147-ші хикметтің екінші шумағынан анық көрінеді:

Қазы, мүфти, молдалар шарифаттың жолында

Ариф ғашық алып тұр тарихаттың биігін

Ғамал қылған ғалымдар дініміздің шырағы

Пырақ мінер мақшарда қисайта киер бөрігін

Сопылық тарихына өшпес ізін қалдырған осындай діни түсінік, Ясауидің ой-пікірлерінде де тереңге тамырын жайған. Орта Азияның ортасынан орын алған Түркістан аймағында Ислами итиқат пен сана-сезімнің енді-енді орнығып келе жатқан тұсында-ақ осындай қос түсініктің қоғамға жаңа толқыныс бермегенін пайымдаймыз. Бұл түсінік әлі күнге дейін Ислам әлемінің түкпір-түкпірінде жалғасын табуда. Бұған күдікпен қарауымыздың бірден бір себебі – оның діни ілімдер мен сопылық түсініктің арасындағы елеулі бөлінушілікке алып келуі.

Екіншіден Ясауидің мұндай діни түсінігі оның жоғарыда айтылған Құран мен хадиске толассыз жүгіну түсінігімен қарама-қайшы келуде. Анығырақ айтқанда, Ясауидің өзі Құран мен хадиске жүгіну керектігін сан рет қайталап, шарифаттың негіздеріне әрдайым айрықша мән берген. Ал, мұның жалпы сопылық түсінігіне қарама-қайшы екені мәлім.

Шарифат-тариқат жіктелімінің ең көрнекі мысалын 22-ші хикметтің үшінші шумағынан көруге болады. Ұлы мутасаввуф Халлак-ы Мансур (308/922 ж. қайтыс болған) «Анал хақ» секілді асыра сілтеуші пікірлері үшін өлтірілген. Ахмет Ясауи мұның басты себепкеріне айналған улеманы былай сипаттаған:

Айтпа «Анал хақты» деп, «кәпір болдың Мансур» деп

«Құран ішінде былай» деп, олар өлтірді жабылып

Білмеді ғой молдалар «Анал хақтың» мағынасын

«Қал» ақлына «хал» ілімін Хақ көрмеді лайық

В данной статье рассматривается место Корана в суждениях Кожы Ахмета Иасауи. Воспитанный в религиозных, суфийских традициях исламской культуры Кожы Ахмет Иасауи все свои мысли и суждения развивал на основе Корана и хадисов, поэтому невозможно отделить его хадисы от основ Корана.

This article is about the place of Koran in Khozha Ahmet Yassauï' opinion. Khozha Ahmet Yasauï was brought up in religious Sufis traditions of Islam culture and all his thoughts and opinion were based upon Koran and Hadis that is why it is impossible to separate his hadis from Koran's principles.

